

Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектебі 2023-2024 оқу жылы бойынша педагог-психологтың оқушылармен жүргізген жұмыстары туралы Анықтама

Қыркүйек айында 7-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Зорлықсыз балалық шақ» анонимді сауалнамасы алынып, хаттамасы түзілді. Бірінші сынып білім алушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йирасек тесті алынып, қорытындысы шығарылды.

Қыркүйек айының 18 күні Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ ЧПИ полиция капитаны Н.Дүйсеннің қатысуымен 8-11 сыныптармен құқықтық тәрбие беру және қылмыстың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді. Қыркүйек айының 28 күні 8-11 сынып оқушы қыздарымен салауатты өмір салтын қалыптастыру және мектептегі кәмелет жасына толмаған қыз балалармен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді.

Сонымен қатар 5 сыныпқа көшкен оқушылардың мектепке бейімделуі және отбасындағы климаттың әсер ету деңгейін анықтау мақсатында психологиялық жұмыстар жүргізілді. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 5, 6, 7, 8 сыныптардан буллингке сауалнама алынды. 6-11 сынып оқушыларына интернет қауіпсіздігінің алдын алу ресурстарды дұрыс пайдалануға сауалнама және 9, 10, 11 сыныптардан буллинг туралы сауалнама алынды. 12 қыркүйек 2023 жылы 5-11 сыныптарға кәмелетке толмағандараға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және алдын-алу мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді. 14 қыркүйек 2023 жылы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушыларына өз-өзіне қол жұмсау, құқық бұзушылық, ерте жүктілік, тәуелділіктің және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында семинар-тренинг өткізілді.

27 қыркүйек 2023 жылы «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.



Қазан айының 17 күні Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Р.Уәлиеваның қатысуымен 8-11 сынып оқушыларына құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық бұзушылыққа бармайтын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жиналыс өткізілді. Қазан айының 26 күні Созақ АПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі М.Бердиев, Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Р.Уәлиева, САОЕ психолог маманы Ш.Тукебаевалардың қатысуымен 9-11 сынып оқушыларына нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, кәмілеттік жасқа толмағандарды суицидтің, ерте жүктіліктің, басқа да құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 5 сыныптардан «Менің сыныбым», «Н.Г.Лусканова әдістемесі», «Түймедақ» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды. 7-11 сыныптарға әлімжеттік, буллинг дегеніміз не? бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 1-11 сыныптардан темперамент типі анықталды және 7 сыныптардан Кондаш тесті алынды. Қазан айында құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жеткіншектердің арасында құқық бұзушылықтың жағдайлары жиілену себептерін анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларына мини лекция жүргізілді. Қараша айының 15 күні ерте жүктіліктің денсаулыққа зияны мектеп оқушылары қыздарының салауатты өмір салтын ұстанып, жеке бастың гигиенасын сақтау мақсатында 8-11 сынып оқушы қыздарымен жиналыс жүргізілді. Қараша айының 27-ші жұлдызында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында 9-11 сынып оқушылары эссе жазды. Сонымен қатар қарашаның 29 күні «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» флешмоб ұйымдастырылды. 30 қараша күні «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» республикалық акциясы аясында ата-аналарға дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Желтоқсан айында 9-10 сынып оқушыларынан интернетке тәуелділікті анықтауға арналған тест алынды. 14 желтоқсан күні 7 сынып білім алушыларынан буллингтің алдын алу мақсатында тест алынды. 19 желтоқсан күні «Ерте жүктіліктің алдын алу» іс-шарасы бойынша жоғары сынып қыздарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу және болдырмауда 5б және 10ә сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, презентация көрсетіліп, арнайы кітапшалар таратылды.



Сонымен қатар 6 сынып оқушыларына «Интернетке тәуелділік» тақырыбында түсіндірме жұмыстары айтылып, түрлі бейне ойындардан аулақ болу керектігі айтылды. 7 сыныптарға «Зиянды әдеттердің алдын алу» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, оқушылардан сұрақ-жауап алынды.



2024 жылы қаңтар айында 9 сынып оқушыларынан «Психикалық жай-күйді өзіндік бағалау» тесті алынып, қорытынды шығарылды. 5-6 сынып білім алушыларынан «Бөтелкедегі қой» проективті тесті, 7-9 сынып оқушыларынан «Менің ағашым» проективті тесті, 6-9 сыныптардан агрессивтілікті анықтауға арналған «Кактус» тесттері алынып, анықтама түзілді. 9-11 сынып білім алушыларынан мамандық таңдауды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Ақпан айында «Менің отбасым» проективті әдісі 3-4 сыныптардан алынды. «Сенімділік – менің серігім!» тақырыбында ҰБТ-ға байланысты 11 сынып білім алушыларымен психологиялық тренинг жүргізілді. 1-4 сынып оқушыларынан «Менің сыныбым» проективті әдісі алынды. 11 сынып білім алушыларына «ҰБТ кезінде стрестен қалай арыламыз?» психологиялық тренинг өткізілді. 9-11 сынып оқушыларынан «Стресс саған қалай әсер етеді?» сауалнамасы алынды. 5 сынып білім алушыларынан «Ата-аналарға арналған ашық хат» алынды. 9, 11 сынып білім алушыларынан Спилберг-Ханиннің жағдайлық қобалжу деңгейін анықтау әдістемесі бойынша сауалнама алынды.



Сәуір айында 8 сынып оқушы қыздарына қыздар жиналысы өткізіліп, психологиялық тренинг, сергіту сәттері жүргізілді. 6 сынып ата-аналар жиналысында ата-аналардан «Ата-ана ретінде қандай адамсыз?» тесті алынып, психологиялық тренинг жүргізілді. МАД тобы мұғалімдерінің аудандық семинарында психологиялық тренинг, сергіту жаттығулары жүргізілді. 10 сынып оқушыларынан Г.Айзенктің «Тұлғаның психологиялық күйін анықтау» сұрақнамасы алынды. 5-8, 10 сынып оқушыларынан емтихан алдындағы қобалжудың алдын алу мақсатында «Сенімділік бейнесі» тақырыбында тренинг сабақ жүргізіліп, хаттама түзілді. 4 сынып білім алушыларынан Л.П.Пономаренконың «Ағаш» проективті тесті алынып, қорытындысы шығарылды және «Менің сынып жетекшім» сауалнамасы алынды.

Сонымен қатар сұранысқа қарай жеке және топтық консультациялық жұмыстар жүргізіліп отырады.



Ақпан айында 5-7 сынып білім алушыларына буллинг және кибербуллинг жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



11 сынып білім алушыларымен «Сенімділік менің серігім!» атты ҰБТ-ге байланысты тренинг жүргізілді.



1-2 сынып білім алушыларының темпераменттік типін анықтау мақсатында тесттер алынып анықтамасы шығарылды. ҰБТ-ге дайындық барысындағы оқушы бойында кездесетін қиындықтардың алдын алу мақсатында 11 сынып білім алушыларымен пікір алмсып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 11 сынып білім алушыларының ата-аналарына арнап жаднамалар таратылды.

11 сынып білім алушыларынан «ҰБТ кезіндегі стрестен қалай арыламыз?» тақырыбы бойынша тренинг жүргізілді.



9-11 сынып білім алушыларынан «Стресс саған қалай әсер етеді?» саунамасы алынып, анықтамалар жасалынды. 3 сыныптардан «Жұмбақ сөз» түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 5а сынып оқушыларының сыныпқа бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Ата-аналарға арналған ашық хат» әдістемелік хаты алынды. Спилберг-Ханиннің жағдайлық қобалжу деңгейін анықтау әдістемесі бойынша 9-11 сынып білім алушыларынан сауалнама алынды. Наурыз айында 1-наурыз Алғыс айту күніне байланысты 7 а, 3 а сыныптарымен тренинг жүргізілді. Сондай-ақ сұраныстар бойынша консультациялық және түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Сәуір айында МАД а сыныбымен сабаққа деген бейімділігін анықтау мақсатында түрлі жаттығулар жүргізілді.

Сонымен қатар сәуір айында «Ерте жүктіліктің алдына алу» мақсатында 8 сынып қыздарымен дөңгелек үстел жүргізілді.



Қиял ерекшеліктерін коррекциялау мен дамыту мақсатында 2-сынып білім алушыларынан «Жаңбыр астындағы адам» проективті әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды. Тұлғаның психологиялық күйін анықтау мақсатында 10 а сыныбы білім алушыларынан Г.Айзенктің сұрақнамасы алынып, талдау нәтижелері шығарылды. Аудандық МАД сыныптары бойынша мұғалімдерінің семинарында тренинг өткізілді. «Қыз-болашақ ана!» тақырыбында 8-11 сынып оқушы қыздарымен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыздар жиналысы өткізілді. 5-10 сынып білім алушыларымен емтихан алдындағы қобалжудың алдын алу мақсатында «Сенімділік бейнесі» тақырыбында тренинг сабақтар жүргізілді.





Ұсыныс

- 1) Педагог-психологтың оқушылармен жүйелі жұмыс жасауы үшін сынып жетекшілердің тарапынан сұраныс берілуін жүзеге асыру.
- 2) Жұмыс жүргізу барысында мектеп әкімшілігі тарапынан сыныптардағы кейбір сабақтардың орнын пайдалануға рұқсат ету.
- 3) Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері тарапынан мектепте болған әрбір жағдайларды хабардар ету.
- 4) Психологиялық көмекті қажет ететін оқушылармен түрлі психологиялық тренингтер ұйымдастыру, арнайы орталықтардан келетін өкілдермен кездесу ұйымдастыру.

Дайындағандар: Б.Абилова

Д.Дүйсен